

*Т. Р. Сейдығалиев, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

### **Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметіндегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету**

*Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметіндегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады.*

*Түйін сөздер: конституциялық құрылыс, декларация, адам құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық тәртіпті қорғау, полиция, демократия, нигилизм, реалистер, оптимистер.*

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу жылдарындағы конституциялық теорияның негізіне қойылған ең басты идеялардың бірі, Қазақстан Республикасындағы жоғары құндылық болып адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары танылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өз жұмысында «Қоғамның идеялық нығаюы Қазақстанның өрлеу шарты ретінде» атап өтті: «Біз құрып жатқан қоғамның жоғарғы құндылығы адам болып табылады. Сондықтан, адамға байланысты қайта құру басталды» [1].

Сонымен қатар, біздің республикамызда жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету, мәселелерін түсіну, құқықтың үстемдігі мен адам бостандығы құқықтық мемлекеттің негізі ретіндегі түсініктің мүмкіншілігін қалыптастырады. Демократиялық қоғамды дамыту деңгейі адам құқығы саласындағы халықаралық құқық принциптері мен жалпы танылған нормаларды жариялау ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық заңнамада бекітілуімен анықталады. Қоғамымызда жеке тұлғаның қолданыстағы құқықтары мен ұйымдастырушылық үрдістері өзінің құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асыру мақсатында пайдалануына мүмкіндік туғызатын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, жүзеге асыруға байланысты тиімді әрекет ететін мемлекеттік-құқықтық механизм болуы қажет.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі орталық орынды арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар алады — ішкі істер органдары, олардың қызметі осы құқықтар мен бостандықтарды тікелей қамтамасыз етуге және қорғауға бағытталған. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және адам құқықтарын құрметтеу — аса қиын міндет және оның шешілуі ондаған жылдар бойы барлық қоғам күшінің нәтижесінде ғана шешіледі.

Қоғам өміріндегі адам құқығының ерекше маңыздылығы, қалыпты байланыс дамытуда және индивидтермен әлеуметтік топтар арасындағы, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара іс-әрекеттестікті, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды үйлестіруге және ретке келтіруге ат салысатын осы құбылыстардың жалпы заңдылығын белгілеуді талап етеді [2].

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету позициясы жағынан Қазақстан Республикасы полициясы қызметінің тәжірибесі және әрекеттегі заңнаманың талдауы белгілі бір жетістіктер, сондай-ақ осы саладағы кемшіліктер туралы куәландырады.

Аталмыш саладағы жаңару мен жетілдіру үрдісіндегі нақты позитивтік ілгерілеулер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы, сонымен бірге полицияның құқық қолдану қызметіндегі көптеген факторларға байланысты, оның ішінде жалпы алғанда барлық құқықтық өмір мен мемлекеттік-құқықтық тәжірибе: құқық шығармашылығы, құқық қорғау және құқық қолдану қызметі ретінде юриспруденция аса маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік құқық қорғау жүйесінен оңтайлы нәтижені күту гуманизмнің принциптеріне жауап бермейді, себебі мәселелерді қысқа мерзімде шешуге кепілдік бермейді. Ал осыған қарамастан азаматтың құқықтары мен бостандықтары қалдырусыз және тұрақты қорғалуын талап етеді.

Осы жағдайда құқықтық ортаны қалыптастырған жөн, яғни азамат өз құқықтары мен бостандықтарын тиімді іске асыруы, сонымен бірге лауазымды тұлғалар тарапынан құқыққа қайшы болатын әрекеттерден қорғалуы қажет.

Қойылған міндеттің шешілімі, ең алдымен азамат пен полицияның лауазымды тұлғаларының өзаралық қатынастарында жеткілікті келісімді және тиімді құқықтық базаны қалыптастыруды көздейді.

Тағы бір ауқымды мәселе бұл азаматтардың полиция мен олардың лауазымды тұлғаларының өзаралық қатынасындағы тепе-теңдік жүйесінің болуын айта кетуге болады.

Осыған байланысты адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша полиция қызметінің құқықтық негізін зерделеуде Қазақстан Республикасының конституциясында бекітілген бостандық құндылықтарын, тұлғаның құқыққа сай пайдалану механизмін жетілдіру керек. Сонымен қатар, оларды іске асыру бойынша полиция қызметін жетілдірудің негізгі бағытын нақтылап белгілеу қажет.

Полицияның жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету бойынша мүмкіншілігінің шегі жоқ. Ол олардың құзыретімен негізделеді. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі полиция жұмысының негізгі түрі құқық қорғау қызметі, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, ашу, тергеу болып табылады.

Сондықтан да құқық қорғау аясындағы полициямен жүргізілетін шаралардың негізгі тағайылымы құқықтар мен бостандықтардың бұзылуының алдын алу және оларды жүзеге асыру жолындағы келеңсіздіктерді болдырмаумен іспеттеледі. Бұл жерде тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының алдын алуға маңызды рөл аударылады. Полиция қызметінің жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағынан маңызды бағыты бұл құқықты қорғау қызметі болып табылады. Өзінің әрекетінде қорғау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына дереу арада әсер етуімен байланысты болады.

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңына сәйкес, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының функциональдық әлеуетін қарастырайық [ 3 ]. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары криминалдық, әкімшілік және әскери полиция болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 1-бабына сәйкес ішкі істер органдарының мақсаты: 1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі — ішкі істер органдары) адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады. 2. Ішкі істер органдары өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде олардың қызметіне араласуға тыйым салынады.

Полиция қызметі аясындағы қоғамдық тәртіптің адам құқықтары және бостандықтарымен байланысы бірнеше аспектілерде жүзеге асырылады. Қоғамдық тәртіптің сақталуы бостандық аясында басқа адамдардың мінез-құлық мүдделерімен санасуға жалпы алғышарттар тудырады. Қоғамдық тәртіптің талабы қол сұғылмаушылыққа құқылық, ар-ождан және абыройын қорғауға құқылық, денсаулыққа құқылық сияқты адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

Полиция қызметінің маңызды бағыты қоғамдық қауіпсіздік саласы болып табылады. Осы саладағы құқықтың объектісі ретінде адамның өмірі, оның денсаулығы, қол сұғылмаушылық, меншік секілді жеке игіліктері танылады. Қоғамдық қауіпсіздік саласындағы полиция мен азаматтың арасындағы қатынастар жеткілікті әр алуан болып келеді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету азаматтардың және өзге де тұлғалардың өз құқықтары мен бостандықтарын құқыққа сай жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттілігін белгілейді.

Полиция қызметкерлеріне ең алдымен, жеке тұлғаның ар-ожданы мен абыройын, азаптаудан бостандығын, күш көрсету мен қатал қарауын, жеке өмірге қол сұғылмаушылығын, жеке және отбасылық құпияға құқылығын, ар-ождан бостандығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы және өзге де орынды қорғалуын сөзсіз, бұлтарыссыз сақтау жатады.

Жалпы полиция өзінің міндеттерін қаруланған қылмыскерлерді ұстаумен, террористік топтарды іздестіру және жоюмен, кепілдікке алынғандарды босатумен, тұрғылықты мекендердегі жаппай тәртіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және жоюмен, табиғи апаттар және ірі кәсіпорындық авариялар мен апаттардың салдарын жоюмен байланысты төтенше жағдайларды күнделікті және әрдайым орындайды. Сонымен қатар, полицияға қоғамдық тәртіпті, бейбіт өмір кезінде азаматтық қорғаныс шараларын жүзеге асыру, жалпылық дайындық және соғыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша зор және жауапты міндеттер жүктелген.

Полицияның көрсетілген міндеттері жұмыстың қажетті әдістерімен, мәжбүрлеудің түрлі тәсілдерімен, құқық бұзушыларға күш қолдану тәсілдерін қолданумен, тіпті атыс қаруын қолдануға дейін нықталады, сондай ақ полиция қызметінің әкімшілік, жедел іздестіру, қылмыстық іс жүргізу түрлеріне ұласады.

Осыған байланысты полицияның адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық механизміндегі орны екі сипатта белгіленген құқық қорғаушы және атқарушы-жарлықшы органдар.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются основные направления обеспечения конституционных прав и свобод человека и гражданина в деятельности ОВД Республики Казахстан.

### **RESUME**

In the given article are investigated main directions of ensuring rights and freedoms of a person and a citizen in the activity of OIA of the RK.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 . Назарбаев Н. А. Идеиная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. — Алматы, 1993. — С. 5.
2. Права человека: Учебн. для вузов / Отв. ред. Е. А. Лукашева. — М., 2002. — С. 5.
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы // [www.adilet.kz](http://www.adilet.kz)